

«Шіркін, life» этно-жобасы

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығына орай 2015 жылдың 20 ақпан күні «Қайнар» кешенінде «Шіркін, life» жобасы «Нұрлы ауылына» тағы да достар жинады.

«Нұрлы ауыл» жұмысына 23 қалалық мектептері қатысты, ата-аналар, ұстаздар, этномәдениет орталықтары: украиндік «Світанок», кәрейлік «Чосон», мұсылман әйелдер лигасы, татар-башқұрттық «Шатлық», славян орталығы «Братство», «Азербайджан» этно-орталығы, «Вайнах шешен-ингуш» орталығы, «Возрождение» неміс орталығы, «Полония» поляк орталығы.

«Қайнар» білім беру кешенінің екі қабатты ғимаратында, «Нұрлы ауыл» экскурсиясы, мейрам қонақтары мен оқушылар назарына ұсынылды. Сонымен қатар қонақтардың барлығы сайыстарға катыса алды, украин әндеріне, кәрей халқының асынан дәм татуға, татар-башқұр және славян орталығын терең біліп, неміс, азербайжан, шешен, поляк халқының салт-дәстүрлерін жетік біле алды. Оқушыларға ұлттық ойындарға, сайыстарға катысуға, ұлттық қол өнерлерді және Қазақ халқының қолданбалы мәдениетін үйренуге мүмкіндік берілді. Оқушылар этно-үйлерді, ауылдарды бағыт парағы бойынша аралап шықты. «Шіркін, life» жобасы тек қана әр ұлттың басын шаңырақ астына жинап қоймайды, сонымен қатар халықтар достығын нығайтуға, өсіп келе жатқан болашақ жастарға үлгі көрсетуге септігін тигізеді.

Білім беру басқармасы